

Н.А. Мейрамова*, А.Т. Бакирова

«Қарағанды медициналық университеті» КеАҚ, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: nmeyramova@mail.ru; alua_23@mail.ru)

Философияның медицина студенттерінің рухани ізденісін дамытудағы маңыздылығы

Жеке тұлға тәрбиесіндегі басты факторлар — жанұя мен оқу орындардағы білім беру және тәрбие жұмысы, осыған орай оның процестерінің руханилығын қалыптастыру барысында дұрыс ұйымдастырудың мәні айрықша. Сондықтан, зерттеу жұмысында оқу үрдісінің, оның теориялық және тәжірибелік қырларын ашу негізге алынған. Болашақ медицина ғалымдарының арнайы дайындығын жетілдіре отырып, олардың гуманитарлық дайындығын түбегейлі өзгерту, әсіресе ғылыми-зерттеу және практикалық қызмет нәтижелерінің барлық ықтимал салдары үшін, олардың санасында ойлаудың философиялық мәдениетін және жеке моральдық жауапкершілікті арттыру өте маңызды. Философия ғылымының қазіргі студент үшін, яғни қазіргі медицина ғылымын зерттейтін болашақ дәрігер үшін маңыздылығын анықтау қажет. Ұсынылған жұмыста болашақ дәрігерлер үшін философия ғылымының маңыздылығы мен мәнін дәлелдеуге тырысқан, өйткені философия бізді қоршаған әлеуметтік-мәдени шындық туралы кең әмбебап білім береді, адамға оның қазіргі әлемдегі орны мен рөлін түсінуге көмектеседі. Мақалада философия пәнінің медицина студенттері үшін мақсаты, маңызы, тигізетін әсері мен беретін білімін анықтау мақсатында жазылған. Анықтау барысында жүргізілген тәжірибелер мен зерттеулер, философия пәнінде қозғалатын тақырыптар мен жүргізілетін жұмыстар, сонымен қатар студенттердің белгілі бір тақырыпқа байланысты ой-толғаулары көрсетілген. Авторлар мақаланы жазу барысында философия пәні медицина студенттері үшін қандай рөл ойнайды, күнделікті жеке және кәсіби өмірде оның тигізетін пайдасы бар ма, жағымды және жағымсыз жақтары қандай деген сұрақтарға жауап алуға тырысқан. Зерттеу жұмысының өзегі жас ұрпақтың бойындағы руханилықты қалыптастыруды ғылыми-педагогикалық негіздеу.

Кілт сөздер: философиялық ойлану, сана-сезім, білім алушылар, таным, білім-ғылым, әлеуметтік орта, қазіргі қоғам, руханилық, өмірдің мәні.

Kipicne

Философия — бүкіл қоғамдық ғылымдардың түп негізі. Ол әрдайым дамып, жетіліп, адамзат ақыл-санасының жетістіктерімен толықтырылып, арнасы кеңейіп отыратын ғылым. Осыған орай, бұл пәнді әлемдік өркениеттердің бәрі дерлік құнды деп санайды.

Философия — өзгеше ғылым. Оның мәні — дүниеге көзқарастылығы мен әдіснамасында. Бұл белгілі бір шеңберде немесе ағым аясында тұйықталып, шектеліп қалмайтын ғылым. Яғни, философия әрқашан жалпы адамзат табысы, баршаға ортақ рухани жеміс, рухани мәдениеттің ажырамас бөлшегі болып табылады. Ешбір адам дүниеге белгілі бір көзқарасыз өмір сүрмейді. Олардың әрқайсысының белгілі бір құбылысқа, дүниеге, жағдайға айтатын жеке пікірі, өзінің өмірлік позициясы, ұстанымы болады. Ал, философия осы көзқарастардың жүйелі әрі ақылға қонымды болуын қамтамасыз етеді. Әрине, бұл көзқарастар тектен-тек пайда болмайды. Оны қалыптастыратын — өмір. Жалпы өмірді танып-білу барысында адамзат баласы белгілі бір қорытындыға келіп, өзіндік тұжырым жасайды. Дәл осыны философия ғылымының әдіснамалық, дүниеге көзқарастық қызметі деп айтуға болады [1].

Философия пәні тарихи даму барысында дүниеге көзқарастық, методологиялық, метафизикалық, онтологиялық, гносеологиялық, аксеологиялық, праксеологиялық, прагматикалық және антропологиялық қырларымен танылған.

Философия — адамның теориялық-танымдық ойлау қабілетін жетілдіретін немесе жетілдіруді үйрететін өнер немесе ғылым. Философияны зерттей келе, ғалымдар екі топқа бөлінген: біріншілері философияны ғылым деп санаса, екіншілері оны өнер деп қарастырған. Айта кететін болсақ, Гегель: «Философия — ақыл-оймен ұстап қалынған тарихи дәуір» десе, Шопенгауэр: «Философия ғылымының кемшілігі — оның ғылым жолымен дамуында, ал шынында, философия — көркемөнердің бір

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: nmeyramova@mail.ru

түрі» деп тұжырымдаған. Ал, Фихте: «Философиялық жүйені таңдау — адамның өзінің кім екеніне байланысты, себебі, философиялық жүйе соны жасаған адамның жан дүниесі арқылы жанданады», — деп ой толғаған. Неміс ағартушысы Лессинг: «Егер Құдай мені өзіне шақырып «Бір қолымда дүние жөніндегі толық ақиқат, екіншісінде ақиқатқа деген іңкәр бар. Қайсысын таңдап аласың?» - десе, мен: «О, Жаратқан, бүкіл ақиқаттың иесі сенсің, маған тек сол ақиқатқа іңкәрлікті берсеңіз болғаны дер едім», — депті [2].

Жалпы философияның адамзатқа беретіні көп, бірақ та одан берілгенді алатындар саны аз. Осыған байланысты да, жоғары оқу орындарында міндетті түрде философия пәнінің берілуі маңызды деп ойлаймын. Осы пәнді оқыту барысында студенттердің бойында философиялық рефлексияны, өзін-өзі сараптау және адамгершілікті өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру, ғылыми зерттеу қабілеттерін дамыту, интеллектуалдық және шығармашылық дағдыны дамыту жүзеге асырылады.

Зерттеу әдістері

Ал, медициналық жоғары оқу орындарының студенттері үшін философия пәні қаншалықты маңызды? Бұл сұрақтың жауабын анықтау мақсатында арнайы еркін түрде студенттерге жалпы философия пәні жайлы сұрақтар қойған болатынбыз. Ол сұрақтар мынадай: Жалпы философия пәні медицина студенттеріне не үшін керек? Философия пәні қалай әсер етеді? Философия пәні не үйретеді? Сабақтан тыс өмірде философия сабағында алған әсерлер мен білім белгілі бір рөл ойнай ма? «Жалғыздықтың шеңберінде өмір сүру үшін я жануар, я болмаса Құдай болу керек», — дейді Аристотель. Бірақ, үшінші бар, ол — философ», — дейді Ницше. Бұл пікірді қалай түсінесіңдер? «Қайғы таныммен бірге басталады», — дейді француз ойшылы Камю. Осы пікірді қалай түсінесіңдер? «Философия қоғамға тәуелді болмауы керек, керісінше, қоғам философияға тәуелді болуы керек», — деген екен орыс философы Бердяев. Дәл осы тұжырым қазіргі өтпелі қоғамда қандай тың ойларды қозғауы мүмкін деп ойлайсыңдар? [3] Сұрақтар саны көп болмағанымен, ашық талқылауға түсті, толық әрі жан-жақты жауаптар алынды. Бұл жерде студенттер ойы екіге бөлінді, нәтижесінде философия пәнінің маңыздылығын жақтаушылар саны көбірек болды. Жақтаушылардың айтуынша, алдымен, философия пәні студенттерді рухани және гуманитарлық бағытта жақсы дамытады және адам баласына тән адамгершілік қасиетін шыңдауды негіздейді. Әр сабақ сайын студенттер белгіленген тақырыптар бойынша өзінің ой толғауларын, мазалаған сұрақтарын кең ауқымда талқылап, бір-бірімен ойларын алмасадy, сонымен қатар жалпы өмірде өткізген түрлі тәжірибелермен бөліседі. Бұл студенттер мен мұғалім арасындағы коммуникативті байланысты, рухани байланысты жетілдіреді. Студенттердің айтуынша, олар ойларын білдіріп, бір-бірін тыңдағанда өздері жайлы және құрбы-құрдастары жайлы толығырақ біле бастайды. Бұл олардың арасындағы байланысты күшейтеді. Әр адамның ойы әртүрлі болғандықтан, бізге берілген сұрақтарға әртүрлі жауаптар естіміз де, өз ойымызбен салыстырамыз, толықтырамыз, бөлісеміз. Жалпы, бұндай талқылаудың пайдасы — ол студенттердің ойлау және өз ойын жеткізу қабілетінің шыңдалуы. Медицина студенттері — ол еліміздің болашақ дәрігерлері. Дәрігерлер тікелей қоғаммен жұмыс жасайды, осы жерде оның дәрігерлік білімі, оған қоса рухани білімі маңызды рөл атқарады. Осы білімдері арқылы, оның біліктілігі анықталады. Жақтаушылардың тағы бір ерекше ойы — философия пәні медицина студенттері үшін сергіткіш пән болып табылады. Бұның себебі, медицина студентінің күнделікті өмірінде, көбіне, нақты ғылымдар оқытылады. Студенттер, көп жағдайда, кітаптан, интернет құралдары көзінен алынған ақпараттарды оқиды, жаттайды, талқылайды, олармен бөліседі. Ал, философия сабағында, олар ақпараттарды оқып, жаттап келгенімен, жеке өзінің ойымен де бөлісе алады. Онымен бірге, ол ойын ортаға салып, студенттермен, мұғаліммен талқылай алады. Бұны медицина студенттері үшін өткізілетін философия пәнінің бір ерекшелігі ретінде қарастырдық. Ендігісі, ол философия пәнінің адамгершілік қасиетін шыңдауы, яғни, бұл пәнде адамзат философиясымен бірге психологиясы да қарастырылады. Адамның санасы, таным-білімі, болмысы, жаратылысы толықтай зерттеліп, талданады. Адам баласының тіршілікке, қоғамға жасайтын іс-әрекеттері талқыланады, соның нәтижесінде ненің дұрыс, ненің бұрыс екендігі шешіледі. Осы жерде студент күнделікті өмірдегі жасайтын іс-әрекетіне, ойланатын заттарына, жалпы тіршілік иелерімен жасайтын қарым-қатынасына мән бере бастайды. Белгілі ойды бір жақты ғана емес, жан-жақты қарастыра бастайды. Тағы бір қызығы, көп студенттер өмірде болып жатқан нәрселер мен құбылыстардың мәні қаншалықты тереңде жатқанын және оған адам санасының тікелей байланысты екендігіне көздері жете бастайды [4]. Тәжірибелік сабақтар барысында, ауқымды әрі маңызды тақырыптар талданды. Олар: ойлау мәдениетінің пайда болуы; сана және бейсаналық; философия тарихында жан мен рух, сана мен ақыл мәселесі; болмыс; таным және шығармашылық; білім беру, ғы-

лым, техника және технологиялар философиясы; адам мәселесі; өмір мен өлім мәселесі. Бұл тақырыптар бойынша студенттер түрлі ойларымен бөлісті, арнайы презентациялар қорғады, ойындар өткізді, сонымен қатар ойларында жүрген сұрақтарын ортаға салды. Тақырыптар ішінде ең ерекше талқыланған өмір мен өлім мәселесі, адам өмірінің мәні неде, өлімнен кейінгі өмір жайлы қызықты сұрақтар мен ойлар талқыланды. Осы жерде өмірдің мәні жайлы көбірек әңгіме жүргізілді. Студенттердің айтуынша, әр адам үшін өмір мәні әртүрлі болады, сондықтан «Адамның өмірінің мәні неде?» деген сұрақты «Мен үшін өмірдің мәні неде?» деп тұжырымдау қажет деп қарастырылды. Енді сұраққа байланысты жауаптар бойынша, өмірдің мәні өзін-өзі табуда, мақсаттарыңа жетуде, өзгелермен бақытыңды бөлісуде, қазіргі сәтпен өмір сүруде, барыңды бағалауда деп жіктелді. Сонымен бірге, әр адамның өмірінің мәні өзінің өмір сүруінде екендігі айтылды. Адам өмірінің мәні өзін-өзі табуда деген тұжырымдамаға қарсы ойлар да айтылды. Ол — адам өзін-өзі ғаламнан табуы мүмкін емес, ол өзін тек қана құрастыра алады, ол өзін тұлға ретінде қалыптастыра алады. Ал, тұлға ретінде қалыптасу жолында, адам өзінің сүйікті ісін, адамын, жұмысын, қаласын және тағы басқаларын таба алады деп айтылып кетті. Адамдардың тағы бір санаты үшін адам өмірінің мәні үнемі жеке және рухани даму болып табылады деген тұжырымдама болды. Өздерінің әлсіз жақтарын жеңу, мақсаттарға қол жеткізу, жақсы болуға ұмтылу әрі қарайғы әрекеттерге, жаңа әдеттер мен жеңістерге жақсы талпындырады дейді. Біреулер үшін өмірдің мәні жоқ көрінеді. Олардың айтуынша, өмірдің кез-келген мағынасын (отбасы, балалар, даму, мансап, саяхат және тағы басқалары) өзін-өзі сендіру деп санауға болады. Бұл арқылы адамдар өмірдің мағынасыздығы туралы ойлардан аулақ болуға тырысады, өйткені ерте ме, кеш пе адам өледі, ал шексіз ғалам аясында оның өмірі маңызды емес болып қалады. Философиялық сұраққа мұндай циникалық көзқарас кейбір адамдарға шексіз пайымдаулар мен сенімділіктің болмауымен өзін қинамауға көмектеседі, ал басқалары ессіздікке де түседі. Бұл категория міндетті түрде өзі үшін анықтамалық нүкте мен оның өмір сүруінің мәнін табады деп қарастырылды. Ендігі бір ой, ол адам өмірінің мәні өзінің болуында. Яғни, адам өмір сүріп жүрген кезінде, ол өз өмірінің мәні болып саналады. Соған байланысты, ол өзін физикалық және рухани қалыптастыра бастайды, өмір сүре бастайды, қажетіне үйренеді, сабақ алады. Өмір сүріп жүрген сәтінде оның мүмкіндігі шексіз, ал өлгеннен кейін оның бірнәрсені өзгертуге мүмкіндігі мүлдем болмайды. Сонымен қатар, адам баласының қолынан бәрі де келеді, сондықтан «Тірі адам тіршілігін жасай береді» деген сөз де осы жерде өзінің мағынасына енеді деп қарастырылды. Осы жерде, қазақ философиясындағы: «Дүниеге екі келмек жоқ». Адам осы дүниеге бір рет қана келеді және оған бір ғана мүмкіндік беріледі, ол өз өмірі үшін өзі жауапты. Қазақтар түсінігінде, тек қана адам өз әрекеті арқылы өз өміріне мән береді деген тұжырымдама да үлкен талқылауға түсті. Қорытындылай келе, әртүрлі адамдар үшін мағына әртүрлі сәттерде болуы мүмкін: футбол командасын қолдауда, жаңа тау шыңдарын бағындыруда, саналы тәрбиеде, музыкада, басқаларға көмектесуде, философия арқылы шындықты іздеуде және тағы басқасында. Бірақ бұл мысалдардың барлығына тән белгі — оң және конструктивті жүзеге асырылатын сана болып шықты. Өмір бір мағынаға ие болғанша, әр адам әр күні оған мүмкіндігінше қанағаттанатындай өмір сүре алады. Конрад Лоренц айтқандай: «Өмірдің өзі — таным процесі». Эволюцияның бұл түсіндірмесі бойынша, өмірдің мәні білімге ұмтылу болып табылады, яғни, бұл әлемге сәйкестігі үнемі тексерілетін шынайы әлем туралы білімге ұмтылу [5]. Бұл тақырыппен қатар, бақыт мәселесі де талқыланды. Ондағы тұжырымдалған ортақ ой: барлығы өмірде өз бақытын іздеп жүреді, қайдан табуға болатынын білмей жүреді. Бірақ та біздің бақытымыз басқа адамдар бақытында болады. Оларға бақыт сыйлайтын болсақ, біз де өз бақытымыздың иесіне айналады екенбіз.

Нәтиже

Мақаламыздың нәтижесі ретінде, жүргізілген әдіснамалық сауалнамаға кері байланыс ретінде берілген студенттердің өзіндік ой-толғамдарын ұсынуды жөн көрдік.

«Сабақ өз бастауын алған кезден бастап, философия ол тек пән емес, ол адамның бүкіл өмірі екендігін түсіндім. Шынында, адам табиғаттың, Жаратушының көркем жаратылыстарының бірі. Адам өзінің тұлға болып қалыптасуында орын алатын мәселенің барлығы осы ғылыммен тығыз байланысты. Соның, ең алғашқысы адамның болмыс мәселесі. Дүниеге адам болып келген соң, соған лайықты өмір сүру осы болмыс мәселесіне тікелей қатысты. Оның құндылығы, қасиеті, ұстанымы, жасаған шешімдерінің барлығы болмыстың құраушы факторлары. Адам қиялының шексіздігінен, адам ойының кемелденуінен қазір ғалам және ғылым шарықтап дамуда. Мұның барлығының түп тамыры философияда жатыр. Сонымен қатар, біздің ойымызды нақтылауға негізделген әрбір философияның тұжырымы, қағидасы да ерекше қызықтырды. «Неге ол адам олай тұжырымдады?», – деген сұ-

рақ көкейіңнен өз ойыңның атып шығуына себепкер болатын кездерде көп болды», – деп, философия пәнінің адам өміріндегі маңызын айшықтады.

Келесі бір студент философия пәні арқылы өз бойында пайда болған өзгерісті айтып өтті: «Ал енді философия маған не үйретті? Ол маған әрекет етпес бұрын ойлануға, оның салдарын бағалауға және өзімді, айналадағы әлемді жақсы жаққа өзгертуге ұмтылуға үйретті. Мен әрқашан не істеуімді таңдай аламын. Таңдау — бұл екі түрлі болатын еркіндік. Теріс бостандық — бұл бір нәрседен Бостандық. Біз ешқашан бір нәрседен бос емеспіз: өз денеміз, теріс пікірлер, сыртқы жағдайлар. Бірақ біз әрқашан бір нәрсе үшін бостандықпыз — бұл оң еркіндік. Мен шығармашылық, махаббат, қуаныш пен бақытқа бөленемін. Жасампаздықта ашылатын оң бостандықтың осы әлеуеті маған күн сайын тұруға, оқуға баруға, адамдармен қарым-қатынас жасауға және күн сайын біздің ортақ бақытты болашағымызға шағын үлес қосуға күш береді».

Бірі болашақ дәрігер ретінде философияның жас ақ халаттылар үшін маңызын айта кетті: «Барлық студенттер философия пәнін өтуге міндетті, бұл кез келген университеттің негізгі компоненті. Олар диалектика тарихын, философияның негізін немесе философия тарихын өтуі керек. Дәрігерлер неге философияға мұқтаж? Соңғы уақытта дәрігерлер нақты диагноз қоя алмайды және науқастың жағдайын талдай алмайды деп шағымданады. Менің ойымша, философия адамның ойлау моделін қалыптастырады, бұл мәселелерді тиімді және ұтымды шешуге көмектеседі. Бірақ, барлық жас дәрігерлер бұған қабілетті емес, олар ұзақ медициналық тәжірибеден өтуі керек сонымен қатар, философиялық ойлауды үйренуі керек».

Бір студентіміз сыни ойлану арқылы ләззатқа бөленіп, өзін ерекше бақытты сезінгенін жеткізді: «Философия — дүниеге көзқарастың жоғарғы тарихи түрі. Бұл пәнді оқи бастаған кезде менің бұрын сезген сезімдерім мен туындаған ойларымның реттелгенін, оларға қосымша жаңа ойлардың қосылғанын түсіндім. Маған ерекше ұнаған Олдос Хакслидің сөздері бар: «Философия бізге өздігінен түсінікті болып көрінетін нәрсеге күмән келтіруді үйретеді, үгіт насихат, пропаганда, керісінше, не туралы ойлау орынды, не нәрсеге күмәндану орынды болатынын өздігінен түсінікті деп сануды ұсынады. Яғни сыни ойлаудан, сұрақ қойғаннан бастап қана біз шынайы менге жақындай аламыз. Оған жақындау арқылы, менің ойымша, біз Құдайға да жақындай аламыз. Сонымен қоса, әрине, өмір мен өлімнің жінішке шекарасы туралы, оның мәні және өлімді қабылдау мәселелері жөнінде талқылау маған ерекше рухани нәр берді. Сабактан қайтқан соң, онаша, бұл сұрақтарды өзіме қайта қойғаннан соң, нақты жауабын таппасам да жанымның тыныштығынан ләззат алдым. Адамға тән эмоциялардың маңыздылығына, мағынасына жаңа бұрыштан қарай бастадым. Өз дәуіріне тән инновациялық философтардың сол замандағы маңызды оқиғалар, жалпы адамға, қоғамға, Құдайға көзқарастары мен концепцияларын тану арқылы мен салыстыра бастадым. Салыстырып, сыни ойлау арқылы мен бақытқа бөлендім».

«Дүние табиғаттың заңдылықтарын, құбылыстарды, бақыт және қайғы, өмір және өлім, тірі мен өлі арасындағы қатынастар туралы сұрақтардан тұрады. Олар тіршілік етуші ағзалардың және жалпы табиғат туындыларының болмысын және тікелей біртұтастық ұғымын құрайды. Адам өз кезегінде дүниенің бір бөлшегі бола тұра, тіршілік етушілердің мәселелеріне терең мән береді. Терең мән беру арқылы адам ақиқатқа жетуге тырысады. Ақиқатқа жету жолында тұлға күмәндану, сыни ойлау және мәселені анықтау, сұхбаттық деңгейінде ой түйеді. Дүниетаным және оның заңдылықтары, құбылыстары туралы пікірлер сыни сараптамалар және күмәндану нәтижесінде философия ғылымының негізін қалайды. Күмәндану — бұл ойлаудың тірегі. Мысалы, Рене Декарт «Мен күмәнданамын, олай болса, мен ойланамын, олай болса, мен өмір сүремін» деген пікір қалдыру арқылы сыни тұрғыдан қарастыру және күмәнданудың ойланудың бір тәсілі ретінде ғана емес, сонымен қатар өмір сүрудің бір үлгісі ретінде қарастырады. Күмәндану және сыни ойлау ақиқатқа жетудегі жалғыз жол, себебі ақиқатқа жету жолындағы қателіктердің алдын алуға қол жеткізеді». Осы пікір арқылы студент өмір жолындағы күмәндану рөлін саралады.

Ал, бірі өзіне философияның қоғамда өз орнын тауып, айналасындағыларға сыйластықпен қарауды түйсінгенін жеткізді: «Философияны оқу арқылы басқалардың көзқарасын түсінуге, қабылдауға өз көзқарасымды дәйекті түрде жеткізуге, сондай-ақ ымыраға келуге негіз болатын пайымдауда ортақ нәрсе табуға үйрендім. Философия маған әр адамның әлемді, заттарды, құбылыстар мен сезімдерді өзіндік қабылдауы бар екенін көрсетті. Біз адам баласын өзінің жеке ойы үшін ешқашан кінәлай немесе ол адамның ойы дұрыс емес деп айта алмаймыз, себебі ол адамның не себепті олай ойлайтынын, ондай шешімге келуіне қандай жағдайдың орын алғанын біле алмаймыз».

Талқылау

Мәдениет және негізгі әлеуметтік құндылықтар әлеуметтік интеграция механизмінің рухани негізіне айналады. Қазіргі қазақ жастарының әлеуметтік құндылық бағдарлары мемлекет пен тұтастай қоғамның қазіргі әлеуметтік дамуының көрінісі болып табылады. Бүгінгі таңда мемлекет пен қоғамның жан-жақты дамуына ықпал ететін ерекше әлеуметтік топ ретінде жастар рөлінің маңызы барған сайын айқын бола түсуде. Адамның рухани өмірінің құраушылары, әсіресе жастар арасында қарқынды түрде өзгеріске ұшырауда. Қазір жастардың әлеуметтік ортасында рухани тұрғыдан жаңа өзін-өзі ұйымдастыру аспектілері пайда болуда, олардың арасында рухани адамгершілік құндылықтарының алатын орны ерекше. Жалпыға бірдей қабылданған құндылықтар қазіргі жастар қоғамының талабына сай өз маңыздылығын өзгертіп отырады. Осыған орай, болашақ медицина мамандарын рухани-мәдени бағытта даярлаудың өзектілігі артады. Бұл міндетті жоғары мектептер мен ғылыми-білім беру мекемелері шешуі керек және шеше алады. Бірақ бүгінде бұл жеткіліксіз екенін бәрі түсінеді. Ғылыми кадрларды даярлаудың қалыптасқан және тұрақты жүйені батыл өзгерту қажет. Табиғи және биомедициналық ғылымдардың дамуымен бірге мақсатты түрде дамитын логикалық аппаратты жетілдіру жүйесінде табуға болатын философия мен медицинаның өзара әрекеттесу процесі күмән тудырмайды, оның барысында біз диалектикалық ойлау құбылысының қалыптасуын байқай аламыз. Философия — қоршаған әлемді зерттейтін орта, ол осы әлем туралы жалпы, жүйелі білім жасайды. Философияның ерекшелігі — ол әлемнің өмір сүру принциптерін ғана емес, сонымен бірге осы әлемнің адам үшін маңыздылығын да зерттейді. Философияда адами құндылықтардың өзегі негізделген, бұл адамзат үшін басты немесе өзгермелі, маңыздылығы жоғары яки төмен бола келе, адамзат өмірінің құрылымын нақтылайды. Философияны оқи отырып, адамзат баласы өзінің жалпы дүниетанымдық көзқарасын қалыптастырады. Осының барысында адам өзінің сенімдері мен жаңа идеяларын салыстыра келе, дүниені танып-біліп, саналы әрекетке көшеді [6]. Философия ғылым емес деген көзқарасты үнемі кездестіреміз. Алайда, біз философиялық ойлау мен ғылыми тұжырымның даму кезеңдерін тарихылықтан логикалық бағытта зерттесек, онда философия ғылымдардың ғылымы екеніне көз жеткіземіз. Жалпы ғылымда оны басқа ғылымдармен қатар қоюға болатындай нақты тақырып бола алмайды. Философия жалпы тақырыпты зерттейді. Ол берілген объект, берілген болмыс, болмыстың тұрмысы. Және бұл логикалық ойлау болып табылады. Өйткені, қандай да бір нақты ғылым өздігінен пайда болған жоқ және бола да алмайды. Қандай да бір ғылымды зерттеу үшін оның негізгі өзектілігін анықтап алу қажет. Жоғарыда айтылғандарға байланысты, қоғамдық санада философия барлық нәрсе және нақты емес нәрселер туралы талдау деген белгілі бір беделге ие болғаны таңқаларлық емес. Философиядан күнделікті өмірде, жеке адамның өмірінде ешқандай пайда жоқ. Философия нақты пайда әкелмейді, бірақ ол барлығына ортақ пайда әкелді. Бұл белгілі бір білім. Мақсаты бойынша нақты білім тікелей қызмет үшін маңызды объективті шындықтың қасиеттерін көрсетуі керек, ал олардың ақиқаты ұрпақтардың тәжірибесімен расталады. Осы мағынада біз «білім» терминін қолдануға құқығымыз бар. Белгілі бір іс-әрекеттің тәжірибесімен біріктірілген осындай біліммен қатар, одан сапалы білім бар. Сонымен қатар жан-жақты, тұрақты өзгерістермен және тұрақсыздықпен сипатталатын күрделі процестер және өзара әрекеттесу туралы білім. Дегенмен бұл дерексіз білім. Ғылыми философияның алатын орны мен рөлі және медицина философиясының проблемалары жайлы сөз қозғасақ, жалпы қызметкерлер, оның ішінде медицина мамандары жалпы философиялық ұғымдар мен ғылыми тұжырымдарды ой елегінен өткізуі керек. Ғылым мен медицина философиясы болашақ дәрігерлер мен фармацевттерді, ғалым-дәрігерлерді концептуалды ойлау мен логикалық пайымға бағыттауға арналған. Ғылыми философиялық тұжырымды және оның логикалық қырын түсіну барысында ғана, олар сыни ойлану мен ғылыми көзқарастың, әлемдегі және қоғамдағы орын алған құбылыстар мен процестердің мәні мен маңызын түсінуі мүмкін. Бұл құбылыс медицина мамандарының күнделікті өмір тәжірибесіне айналуы қажет. Осыған орай, ғылыми және медициналық философия тек ақыл-ойлы әрекет ретінде ғана емес, сонымен қатар нағыз дәрігер маманының ерекше бейнесін қалыптастырғаны абзал. Қолөнерден өнерге және өнерден ғылымға. Мұндай жолды медицина жасады. Медицина қолөнер бола тұра, онда дәстүрмен жалғасын табатын кәсіп болуына бөлінген принциптері жүйесі болмады. Бұл кезеңнің ерекшелігі — ол саналы түрде анықталған заңдылықтар, объектілер мен табиғат процестерінің мәні емес, сыртқы байланыстарды, құбылыстарды талдау өнімдерін жинады. Медицина анықталған принциптері бар өнер, бірақ бұл жүйемен жұмыс жасай алатын, Құдай сыйына теңестірілген қабілетке санаулы адам ғана ие болды. Бұл қандай сыйлық? Бүгінде оны іс-әрекет әдіснамасы ойлау мәдениеті деп атайды. Міне, медицина ғылымға айналды. Ғылыми қыз-

метті жүзеге асыру үшін білімді білімге сыни көзқараспен қарайтын сауатты адамдар жүргізуі керек. Не істеу керек? Таным нәтижесін ғана емес, оны игеру жолын да білу керек. Сәйкесінше, медицина саласында да, басқа ғылымдардағыдай, білімді игерудің теориялық және эмпирикалық әдістері бар. Бұл әдістер арқылы жұмыс істеу принциптері қарастырылған. Осы тұрғыда, философия таным қызметін жүзеге асырушы адамның ойлау мәдениетінің дамуына ықпал етуші. Бүгінгі таңда адам ағзасындағы ақауды жүйелі анықтау үшін тек медициналық қана емес, философиялық тәсілді де қолдану керектігін жоққа шығара алмаймыз. Дәрігердің ғылыми-психосоматикалық қатынастарды зерттеуі пәнаралық тәсілмен ғана мүмкін болады, ол өз кезегінде адамның психиатриялық және психологиялық талдау әдістерін, әрине, әртүрлі сатылардағы физиологиялық процестерді зерттеумен үйлеседі. Қиындық мұндай жұмысты жүзеге асыру үшін жалпы терминологияны, әртүрлі ғылымдардың нәтижелерін біртұтас бағалауды, күрделі ұйымдастырылған объектіні — адамды танудың жалпы принциптерін айтпағанда жасау керек. Осылайша, әртүрлі ғылыми білімдерді біріктіру және пәнаралық синтез жағдайында жұмыс істеу қажеттілігіне байланысты маманның ойлау мәдениетінің деңгейін арттыру проблемасы туындайды. Философиядағы жаттығулар дәрігердің жалпы мәдени дамуына ғана емес, сонымен қатар оның жоғары кәсіби деңгейін қалыптастыруға көмектеседі. Себебі философия ақыл-ойдың ассоциативті икемділігінің көрінісі, оның көп қырлы адами байланыстар мен қатынастар желісіне енгізілген объектіні көру қабілеті. Философияны зерттеу — клиникалық ойлау, жүйелік ойлау негіздерін қалыптастыру үшін адамзаттың ғасырлар бойғы тәжірибесі. Философия дәрігерлерге таным процесі, оның мәні, ұйымдастыру принциптері және оның әдістері туралы түсінік береді. Осылайша, дәрігер медициналық теория мен практиканың мәселелерін зерттеу мен шешуді негіздеуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар, біздің ойымызша, бұл болып жатқан оқиғаларды медициналық зерттеу, талдау және бағалаудың ең қолайлы жолдарын ашады, өйткені бұл аурудың барысына әртүрлі факторлардың әсерін ескеруге көмектеседі. Қалайша? Объектімен болатын оқиғаларды жіктеудің негіздерін таңдауға байланысты. Сондай-ақ қызмет субъектісі — дәрігер арасында диалектикалық ойлау дағдысының қалыптасуына байланысты, ол объектінің сыртқы және ішкі жағдайларының өзара әсерін қарастырады. Осылайша, ол дәрігерге барлық құбылыстарды, олардың дамуындағы процестерді, үздіксіз өзгерістерді және нақты жағдайлармен ажырамас байланыстарды қарастыруға үйретеді.

«Медициналық кәсіптің философиялық «аурасының» әлсіреуімен, жердің жұқа озон қабатының жойылуымен бірге медицина саласындағы экологиялық апаттың қауіптілігі артып келеді», – деп жазады В.И. Моисеев. Ұзақ уақыттан бері медицина «күшті» деп аталатын мамандықтарға жататыны бекер емес, олар үшін өздерінің заңдары жасалып, тіпті мемлекеттік заңмен бәсекеге түсе алады [7]. Осыған орай, дана адамдар адам өмірін басты құндылық деп тауып, әрдайым дәрігердің дұрыс шешім жасауын талап еткен.

Қорытынды

Сонымен, шағын сауалнамалық зерттеу нәтижесінде, философия медициналық студенттер үшін жай ғана пән емес, олардың тұлға болып дамуына ықпал ететін, жай ғана тіршілік иесі ретінде өмір сүрмей, өмірден барынша сабақ алып, оңтайлы эмоциялар мен сәттерді сезініп, оларды бағалауға үйрететін өмірлік, тәжірибелік сабақ екеніне көз жеткіземіз. Философия ойлау қабілетін дамытады, ал ол қабілет барлық өмір аспектілерінде маңызды рөл ойнайды. Осылайша, жоғарыда айтылғандардың бәрін қорытындылай келе, философия ғылымы болашақ дәрігерлерді даярлау жүйесінде маңызды рөл атқарады, философиялық ойлауға үйретеді және медициналық білім берудің ең үлкен гуманитаризациясы жалпы медицинаның әлеуметтік-мәдени кеңістігінің дамуына ықпал етеді деп айтуға болады.

Зерттеу жұмысымыздың қорытындысын келесі ойшылдардың ой-тұжырымдарымен дәлелдегіміз келеді. Мәселен, грек ойшылы Эпикур: «Ешкім де философияны жастық шағында ысырып тастап, қартайғанда одан шаршамасын. ... философия жасқа да, кәріге де керек, біріншіге жастық жігерді болашақ алдындағы пісіп-жетілген батылдықыпен ұштастыруға, екіншіге өмірдің соңында рухани жаңарып, өткенге қуану үшін керек», – деген пікірді ұсынған. Ал, француз ағартушысы Дидро: «Ең тамаша ойшылдар философиямен ғасырлар бойы айналысты. Бірақ, соған қарамастан, онда бірде-бір дау туғызбайтын пікір жоқ», – деген [8].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Хесс Реми. Философияның таңдаулы 25 кітабы / Реми Хесс. — Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. — 2018. — 55 б.
- 2 Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: [4 томдық]. 4 т. / Э. Кенни. — Алматы, «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. — 2018. — 254 б.
- 3 Мухатаева Г.А. Медициналық ЖОО-дағы білім жүйесінде қоғамдық гуманитарлық пәндер бойынша өткізілетін сабақтың түрлері мен әдістері туралы / Г.А. Мухатаева, Н.А. Мейрамова // Медицина и экология. — 2017. — №3 (84) июль-сентябрь. — Б. 109-114
- 4 Мейрамова Н.А. Методика и достижения в преподавании предмета «Философия» в Карагандинском медицинском университете / Н.А. Мейрамова, А.Т. Бакирова // Scientific discussion (Praha, Czech Republic). — 2021. — № 53. — С. 16–18.
- 5 Платонов К.К. Структура и развитие личности / К.К. Платонов. — М., 1986. — 183 с.
- 6 Долженко О. Очерки по философии образования / О. Долженко. — Москва, 1995. — 51 с.
- 7 Разумов В.В. Ещё раз о философии медицины / В.В. Разумов // Фундаментальные исследования. — 2011. — № 11(2). — С. 433–439
- 8 Джонстон Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін / Д. Джонстон. — Алматы, «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. — 2018. — Б. 30-35.

Н.А. Мейрамова, А.Т. Бакирова

Значение философии в развитии духовных поисков студентов-медиков

Основными факторами воспитания личности являются образование и воспитательная работа в семье и образовательных учреждениях, поэтому особое значение имеет правильная организация ее процессов при формировании духовности. При совершенствовании специальной подготовки будущих ученых-медиков очень важно коренным образом изменить их гуманитарную подготовку, особенно по всем возможным последствиям результатов научно-исследовательской и практической деятельности, повысить в их сознании философскую культуру мышления и личную нравственную ответственность. Необходимо определить значение науки философии для современных студентов — для будущих врачей, изучающих современные медицинские науки. В настоящей статье мы попытались доказать важность и значение философской науки для будущих врачей, поскольку философия дает широкие универсальные знания об окружающей нас социокультурной реальности, помогает человеку понять ее место и роль в современном мире. Работа написана с целью определения цели, значения, влияния и предоставления знания предмета философии для студентов-медиков. В ходе определения были показаны проведенные опыты и исследования, затронутые темы и проводимые работы по философии, а также размышления студентов, связанные с указанной темой. Авторами статьи предпринята попытка получить ответы на вопросы о том, какую роль играет предмет философии для студентов-медиков, есть ли от него польза в повседневной личной и профессиональной жизни, имеются ли плюсы и минусы. Научно-педагогические основы формирования духовности подрастающего поколения — сердцевина нашего исследования.

Ключевые слова: философское мышление, сознание, обучающиеся, познание, образование–наука, социальная среда, нынешнее общество, духовность, смысл жизни.

N.A. Meiramova, A.T. Bakirova

The significance of philosophy in the development of spiritual search of medical students

The main factors in the upbringing of a personality are education and educative work in the family and educational institutions, therefore, the correct organization of its processes in the formation of spirituality is of particular importance. When improving the special training of medical scientists, it is very important to radically change their humanitarian training, especially in all possible consequences of the results of research and practical activities, to increase in their minds the philosophical culture of thinking and personal moral responsibility. It is necessary to determine the significance of the science of philosophy for modern students — for future doctors studying modern medical sciences. In the presented work, we tried to prove the importance and significance of philosophical science for future doctors, since philosophy provides broad universal knowledge about the sociocultural reality surrounding us, helps a person to understand his place and role in the world. This article is written in order to determine the purpose, significance, impact and knowledge of the subject of philosophy for medical students. In the course of the definition, the experiments and studies carried out, the topics and works carried out in the subject of philosophy, as well as the thoughts of students related to a particular topic are shown. In general, in the course of writing the article, we tried to get answers to the

questions of what role the subject of philosophy plays for medical students, whether it has its advantages in everyday personal and professional life, whether it has its pros and cons. The scientific and pedagogical foundations for the formation of the spirituality of the younger generation are the core of our research.

Keywords: Philosophical thinking, conscience, students, knowledge, education-science, social environment, current society, spirituality, meaning of life.

References

- 1 Hess, Remi (2018). *Filosofianyn tандаулы 25 kitaby [25 Best Philosophy Books]*. Almaty: "Ulttyq audarma virosy" qogamdyq qory [in Kazakh].
- 2 Kenni, E. (2018). *Batys filosofiasynyn zhana tarikhy [A New History of Western Philosophy]*. Vol. 4. (Vols. 1-4). Almaty [in Kazakh].
- 3 Mukhatayeva, G.A. & Meiramova, N.A. (2017). Meditsinalyq ZhOO-dagy bilim zhuiesinde qogamdyq gumanitarlyq pander boynsha otkiziletin sabaqtyn turleri men adisteri turaly [On the types and methods of conducting classes in public humanitarian subjects in the education system of medical universities]. *Meditsina i ekologiya — Medicine and ecology*, 3 (84), 109-114 [in Kazakh].
- 4 Meiramova, N.A., & Bakirova, A.T. (2021). Metodika i dostizheniia v prepodavanii predmeta «Filosofia» v Karagandinskom meditsinskom universitete [Methodology and achievements in teaching the subject "Philosophy" at the Karaganda Medical University]. *Scientific discussion*, Praha, Czech Republic [in Russian].
- 5 Platonov, K.K. (1986). *Struktura i razvitie lichnosti [Structure and development of personality]*. Moscow [in Russian].
- 6 Doljenko, O. (1995). *Ocherki po filosofii obrazovaniia [Essays on the Philosophy of Education]*. Moscow [in Russian].
- 7 Razumov, V.V. (2011). Eshe raz o filosofii meditsiny [Once again about the philosophy of medicine]. *Fundamentalnye issledovaniia — Basic Research*, 11(2), 433–439 [in Russian].
- 8 Djonston, D. (2018). *Filosofianyn qysqasha tarikhy: Sokrattan Derridaga deiin [A Brief History of Philosophy: From Socrates to Derrida]*. Almaty [in Kazakh].